

ОҚУҒА ТҮСУ ШАРТТАРЫ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, ақылы оқуға ниет білдіргендер ҰБТ нәтижесі бойынша – **кемінде 65 балл**, «Педагогикалық ғылымдар» білім беру салалары бойынша – **кемінде 75 балл**, мемлекеттік білім беру конкурсына қатысу үшін ҰБТ нәтижесі бойынша – **кемінде 75 балл**, «Педагогикалық ғылымдар» білім беру салалары бойынша – **кемінде 80 балл**, оның ішінде Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы – оқу тілі бойынша – кемінде 5 балл және әр бейіндік пәннен кемінде 5 балл алуы қажет.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсуші техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар ҰБТ нәтижесі бойынша **кемінде 25 балл**, оның ішінде жалпы бейіндік пәннен – кемінде 5 балл және арнаулы емтихан бойынша кемінде 5 балл алуы қажет.

«Орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігін алған, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар ЖОО-ға қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша ақылы негізде оқуға түсушілерді қабылдауды ЖОО-лардың қабылдау комиссиялары жүзеге асырады.

ТҮСУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР:

- Берілген үлгідегі өтініш;
- Жеке куәлік көшірмесі - 2 дана;
- Аттестат немесе диплом (түпнұсқа);
- 063 профилактикалық егу картасы (көшірме);
- медициналық анықтама 075 форма (флюорография суретімен)
- 3x4 көлемдегі 6 дана фотосурет (электронды нұсқада дискіге көшірілуі қажет);
- ҰБТ нәтижесі;

- Әскери тіркеу туралы куәлік(ер балалар үшін)
- шет тілінде жазылған құжаттар қазақ немесе орыс тілдеріне аударылуға, нотариуспен куәландырылуға тиіс
- шетел азаматтарының құжаттары Ұлттық аккредитациялық орталықта (нострификациядан өтуі тиіс).

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

- v. 20 маусым мен 7 шілде аралығы аралығында шығармашылық емтиханға өтініш қабылданады.
- vi. 8 - 13 шілде аралығында шығармашылық емтихан тапсырылады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтарына түсуші тұлғалар **Қазақстан тарихы және оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша ҰБТ** тапсырады.

Балдарды есептеу:

Шығармашылық емтиханның максималды балы - 45 балл. Екі шығармашылық емтихан. Шығармашылық емтиханға түсуші талапкерлер үшін ҰБТ нәтижесі бойынша екі пәнінің балы есепке алынады: оқу сауаттылығы (қазақ немесе орыс тілінің), Қазақстан тарихы және екі шығармашылық емтихан.

Есептеу:

Оқу сауаттылығы (20) + Қазақстан тарихы (15) + бірінші шығармашылық емтихан (45) + екінші шығармашылық емтихан (45) = 125 (максимум балл).

Ескерту:

5 балдан төмен жинаған немесе шығармашылық емтиханға келмеген, кешенді тестке қатыспаған талапкерлер оқуға құжат тапсыра алмайды.

Шығармашылық емтиханды қайта тапсыруға болмайды.